

«6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сагидолда Нагиманың «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеудің тақырыбы мен бағыттары «Қазақстан-2050» Стратегиясына, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес келеді.</p> <p>«Мәңгілік ел жастары–индустрияға!» , «Серпін-2050» әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру мәселелерімен байланысты.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады және оның маңыздылығы кеңінен ашылған. Оған докторанттың «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама беруін, демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктерін (аймақтың этникалық құрамы, балаларға қажеттіліктің менталитетке байланысты ерекшеліктері, халықтың өмір сүру деңгейі, балалы отбасыларды қолдау бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың тиімділігі және аймақтың әлеуметтік-экономикалық тартымдылығы) айқындауын, әрбір аймақ үшін тиімді мемлекеттік демографиялық саясатты қолдануға мүмкіндік беретін демографиялық жағдай бойынша негізгі картаны

			ұсынатын Қазақстан аймақтарына кластерлік талдау жүргізіп, оның әдістемесін әзірлеуін жатқызуға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант диссертациялық жұмысты жазу барысында өзі жазу принципін толықтай сақтаған. Оны демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторлардың құрылымдық моделін қалыптастыру барысында, Қазақстан аймақтарындағы мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыттарын әзірлеу аясында дәлелдей алған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі әлемдік өркениет көшінен қалмай, ігері даму үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясында айқындалған ХХІ ғасырдың 10 жаһандық сын-қатерін ескеру қажеттілігінен туындайды. Сондай сын-қатерлердің бірі - жаһандық демографиялық теңгерімсіздік мәселесі. Сонымен қатар демографиялық мәселе, орнықты демографиялық процестер, әсіресе Қазақстанның Еуразия орталығында орналасқандығын ескерсек, ел қауіпсіздігінің басты құрамдас бөлігі болып табылатындығымен де сипатталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен ашады және белгілі бір реттілік заңдылықтарын сақтай отырып айқындалған. Докторант мемлекеттік демографиялық саясат пен аймақтардың демографиялық әлеуетіне қатысты теориялық негіздерді қарастырып, оны тәжірибелік тұрғыдан талдап, жетілдіру жолдарын ұтымды түрде үйлестірген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың нақты көрсетілген мақсаты мен алға қойған міндеттері әрбір бөлімде дәйекті қойылған теориялық және әдістемелік мәселелерде көрініс тапқан. Докторант жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған міндеттерді шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертация өзара логикалық тұрғыдан байланысқан үш бөлімнен тұрады: «Мемлекеттік демографиялық саясат пен аймақтардың демографиялық әлеуетін зерттеудің теориялық негіздері», «Қазақстан Республикасының демографиялық саясатының аймақтық әлеуетіне әсерін талдау», «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеруді арттыру жолдары». Диссертацияны барлық бөлімдері мен құрылымы өзара үйлесімді

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>сипатта, бірізділікті сақтай отырып орындалған. Зерттеу объектісі мен пәніне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Автор Қазақстан Республикасында демографиялық әлеуетті іске асырудағы қабылданған заңнамалық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларды сыни тұрғыдан талдай отырып, демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу жанама түрде іске асатындығын дәлелдеген. Сонымен қатар аймақтардағы демографиялық әлеуетті бағалау арқылы демографиялық көрсеткіштер бойынша аймақтарды кластерлерге топтастырып, демографиялық депрессивті аймақтардың әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, экологиялық т.б. жағдайларына бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып баға берген. Осындай сыни талдау мен бағалау нәтижесі авторға аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторлардың құрылымдық моделін қалыптастыруға мүмкіндік берген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа болып табылады, Өйткені докторант белгілі зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу негізінде жасаған.</p> <p>Жұмысты жазу барысында алынған қорытындылар жартылай жаңа болып табылады. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары.</p> <p>Диссертацияда елдің депрессивті аймақтарындағы демографиялық мәселені мемлекеттік реттеу тетігі әзірленіп, арнайы мемлекеттік Агенттік құру ұсынылды, GRETЛ бағдарламасын қолдану арқылы депрессивті аймақтардың демографиялық дамуының 5 жылдық болжамы жасалынды Ұсынылған тұжырымдама толығымен жаңа болып табылады және қызығушылық тудырады.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Қазақстан Республикасының демографиялық тұрғыда депрессивті аймақтарындағы әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясатының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік ерекшеліктерін зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми қорытындылар әдістемелік тәсілдерді қолдану, статистикалық мәліметтерді топтастыру, деректерді, экономикалық талдау мен бағалау арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1-тұжырым – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Жұмыста докторант «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына өзіндік анықтама берген және оның экономикалық, әлеуметтік және саяси мазмұнын жан-жақты ашып көрсеткен. Менің ойымша, «демографиялық әлеует» ұғымының теориялық даму тұжырымдамаларына да көбірек көңіл бөлу керек еді.</p> <p>2-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>жеке этностар, олардың жалпы халық санындағы үлесі, туу коэффициенті, тұрғындардың балаға деген қажеттілік мінез-құлқы, отбасыларды қолдауға арналған мемлекеттік саясат, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік-экономикалық тартымдылық тәрізді аймақтағы демографиялық әлеуетті қалыптастыратын факторлардың жиынтығы анықталған, аймақтардағы демографиялық параметрлер (туу, өлім-жітім, халықтың қартаюы, ішкі-көші қон), халық санының жас-жыныстық құрылымы және ұдайы өсіп-өну факторлары негізгі бағалау көрсеткіштері ретінде айқындалған.</p> <p>3-тұжырым – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі орташа.</p> <p>Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетіне R бағдарламасы арқылы кластерлік талдау жасау негізінде аймақтарды демографиялық тұрғыдан 4 түрлі топқа топтастырған. Бұл топтастыру нәтижесі қызығушылық тудырады.</p> <p>4-тұжырым – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану</p>

			<p>деңгейі орташа. Жұмыста аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделі қалыптастырылған. Менің ойымша, осы алынған құрылымдық модельдің қорытындысы негізінде депрессивті аймақтардағы демографиялық әлеуетті көтеру бойынша нақты ұсыныстар жасау керек еді.</p> <p>5-тұжырым – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Жұмыста демографиялық тұрғыдан проблемалы аймақтардағы үдерістерді мемлекеттік реттеу тетігі ұсынылып, осы мәселелермен айналысатын Агенттік құру көзделген. Депрессивті аймақтардың демографиялық дамуына GRETЛ бағдарламасын қолдану арқылы 5 жылдық болжам жасалынған. Дегенмен, болжамдық есептеулерге сүйене отырып, депрессивті аймақтардағы демографиялық әлеуетті көтерудің басым бағыттарын толығырақ ашып көрсету керек еді. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары 9 ғылыми еңбектерде жарияланған</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және</p>	<p>Әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі қарастырылған. Ол теориялық және тәжірибелік мәліметтерді зерделеуді абстрактілі-логикалық, статистикалық, модельдеу, сараптамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістері негізінде жүргізілген.</p> <p>Жұмыста аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторлардың құрылымдық моделі ұсынылған. Модель мәліметтерді интерпретациялаудың Smart PLS бағдарламасы арқылы құрылымдық модельдер құру және деректерді талдау мен басқарудың әмбебап SPSS бағдарламасы арқылы алынған. Зерттеу барысында құрылымдық модель жасау үшін мәліметтер сауалнама арқылы алынған. Талдау нәтижесі аймақтардағы халық санына некеге тұру сипаты мен оның ерекшеліктері әсер ететіндігін, балаға деген қажеттілік пен аймақтардың халық саны арасында байланыс бар екендігін көрсеткен.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалған және демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаттын қалыптастыру және оны іске асыру, аймақтардағы демографиялық проблематиканы талдаудың</p>

		расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ	әдіснамалық құралдарын кеңейту, қазіргі ғылымның категориялық аппаратын жетілдіру бағытында қолдануға мүмкіндік береді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясат пен аймақтардағы демографиялық әлеует мәселелерін шешу үшін қолдану кезінде нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың белгілі бір теориялық маңызы бар, ол демографиялық дамудың объективті факторларын нақтылау және аймақтардағы факторлардың рөлін анықтау, мемлекеттің демографиялық әлеуетін көтерудің кешенді саясатын тұжырымдау, аймақтың демографиялық әлеуетінің құрылымын айқындау кезінде анығырақ байқалады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және Қазақстан Республикасында демографиялық және отбасылық саясатты, жастар саясатын іске асыруда және әлеуметтік қорғауды жүзеге асырумен айналысатын мемлекеттік билік және басқару органдарының практикалық қызметінде қолдана алады. Сонымен қатар ғылыми нәтижелер мен тұжырымдарды осы бағыттағы бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеру бойынша реттеу әдістері, құралдары, субъектілері және объектілерінен тұратын күрделі жүйені құрайтын мемлекеттік реттеу тетігі және демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттік құру ұсынылған. Бұл ұсыныстардың практикалық маңызы бар және толығымен жаңа болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс тұтас алғанда аяқталған және білікті орындалған. Жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде жазылған және академиялық жазу сапасына қойылатын талаптар ескерілген.
-----	---------------------------	--	--

Ресми рецензенттің шешімі:

Жалпы алғанда, жоғарыда анықталған кемшіліктер докторанттың диссертациясындағы алынған жаңа ғылыми нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді.

Сагидолда Нагиманың «Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына оң пікір бере отырып, «6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Экономика ғылымдарының кандидаты,
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
 «Менеджмент» кафедрасының профессор м.а.

Г.С.Смагулова